

Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жатқызылған тауарлардың бірыңғай тізбесіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 134 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 58-бабының 1-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 45-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жатқызылған тауарлардың бірыңғай тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 1518 00-ден, 2102-ден, 2309-дан, 2936-дан, 3002-ден, 3203 00-ден, 3302-ден, 3504 00-ден, 3507-ден, 3808-ден, 3824-тен кодтары бар позицияда бірінші графада "3824-тен" деген сөздер "3823-тен, 3824-тен" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М.Григорян	И.Петришенко	Ә.Смайылов	А.Кожошев	А.Оверчук